

## Хаттама №2

Бүгін, яғни 18 наурыз 2024 жылы Баршакұм орта мектебінде камкоршылық кеңестің жиналышы болып өтті.

### Күн тәртібі:

1. Кәмелетке толмагандар арасындағы қылмыс және құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары
2. «Ата – аналар мектебі» жұмысы. Ата- аналардың мектеппен үнемі байланыста болуын жолға кою.

### Тындалды:

1. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында мектепшілік жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ДТДЖО: Т.Мейрман хабарлама жасады.
2. 2023-24 оку жылынан бастап жолға қойылып жатқан ата- аналарды педагогикалық колдау, «Даналық мектебі» туралы және оның мақсат, міндеттері мағлumat беріліп, мектеп бойынша жасалынып жатқан жұмыстар туралы акпарат берілді.

### Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөйлеушілер:

1. **Жалмұханов Т. (зейнеткер)** – Күн тәртібіндегі мәселелермен танысып отырмыз. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық туралы акпарат құралдарында көп айтылып жатыр. Окүші мектеп ережесіне бағыну керек. Мектеп мүлкін күтіп ұстауға, кішіге қамкор, үлкенге көмек көрсетуге үрету қажет. Сондыктan әркім өз баласын қадагалап, жақсы қасиеттерге баулуымыз керек. Қазір интернет желісі жетілген заман. Кәмелетке толмагандар еліктейді. Сол себептен бала тәрбиесінде ата - анамен мектеп мұғалімдері тығыз байланыста болуы қажет. Биылғы оку жылынан бастап «Даналық мектебі», ата- аналарды педагогикалық қолдау орталықтары жұмыс жасап жатыр. Мұның өзі келер ұрпақтың тәрбиесінің дұрыс болуына мемлекетте үлкен мән беріп жатқандығы байқалады. Ұрпақтарымыз саналы, тәрбиелі болу үшін, қажырлы енбек етуіміз керек.
2. **Өтемісов Б (ата-ана, кәсіпкер )** – Күн тәртібіндегі мәселелерді тындал, талқыладап отырмыз. Мектепте біраз жұмыстар мұғалімдердің, ата- аналардың, ауыл жастарының үлес қосыумен аткарылып жатыр. Оған дәлел қантар, акпан, наурыз 3 айдың өзінде мектепте қаншама жарыстар өтті. Ата- ана, мұғалім, окушылардың қатысуымен. Ауыл жастары да белсенділік танытты. Аулымыздың білім ошагы болғандықтан жанымыз ашып, қолдау көрсетуміз қажет.
3. **Л. Нұрбергенова (зейнеткер, ардагер ұстаз)** – Жоғарады айтылған пікірлерге мен де қосыламын. Балалардың саналы, тәртіпті болуы үшін жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылыққа жол бермеуміз керек. Ол үшін спорттық , зияткерлік сайыстар жиі өтүі тиіс. Аулымыздың кәсіпкерлерді демеуші болуға тартуымыз қажет.

### Күн тәртібіндегі мәселелерді тындаі, талқылай келе қамкоршылық кеңес қаулы етеді:

1. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықты болдырмау үшін, бос уақытын тиімді пайдалану үшін өнер , спорт сайыстарына, ғылыми жобаларға катыстыруға жағдай жасалып, «Даналық мектебі» жұмысын жан- жақты үйімдастыру мектеп мұғалімдеріне міндеттелсін.

Жиналыш төрағасы:  К.С. Сыдыков  
Хатшы:  Т.М. Мейрман